

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

3 маусым
2022 жыл
ЖҰМА
№ 11 (4499)


1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕККЕ – ЛАЙЫҚТЫ
МАРАПАТ



К ГРАЖДАНСКОЙ ОБОРОНЕ
ГОТОВЫ



5 маусым
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
РЕФЕРЕНДУМ
5 июня
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
РЕФЕРЕНДУМ



ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАУЫС БЕР!
Голосуй за перемены!

МАҢЫЗДЫ

АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНДА РЕФЕРЕНДУМ ТАҚЫРЫБЫ ҚОЗҒАЛДЫ

Ата заңымызға бірқатар өзгерістер енгізуге негізделген референдум ағымдағы жылдың 5-ші маусымында жоспарланып отыр. Зауытта 24-26 мамыр күндері референдумның маңызын түсіндіру мақсатында қызметкерлермен кездесулер өтті. Бұл кездесуде Атырау облыстық мәслихат, мәжіліс депутаттары және Кәсіподақтар Федерациясы, облыстық ішкі саясат басқармасы Азаматтық орталығы, сондай-ақ Химия, мұнай-химия және сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының мүшелері қатысып, өз тұжырымдамаларымен бөлісті.

- Ата заңымыздағы 99 баптың 33 бабына өзгерістер енгізілетін болады. Сіздерге өзгерістердің барлығы БАҚ арқылы беріліп отыр. Осыған дейін суперпрезиденттік басқару формасы болды. Ендігі кезекте билік жоғары санаттардағы мәжіліске, үкіметке, жергілікті әкімдерге, жергілікті мәслихаттарға бөлініп беріледі. Яғни президентіміз Қ.Тоқаев биліктің бір жерде шоғырланбау қажет екенін айтты. Осыған дейін билігіміз президенттің қолында болды. Себебі Кеңес үкіметі ыдыраған кезде елімізде жүйелі түрде реформа жасау қажет болды. Қазіргі кезде Қазақстанымыз сол заманнан өтті. Ендігі кезекте демократияны жақындатуымыз қажет. Қазір президенттің қолындағы биліктер өзгертіліп жатыр. Бұрын жабылып қалған конституциялық сот болған еді. Соның орнына Конституциялық Кеңес ашылып,

конституциялық сотты қайтадан енгізетін болады. Жоғары Конституциялық соттың төрағалары сенат арқылы бекітіледі. Сондықтан референдумға қатысып, өзгерістермен таныс болып, дауыс берейік. Қазақстанымыз бойынша мұнай өндіретін 3 ірі зауыттың бірі – Атырау мұнай өңдеу зауыты. Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде елімізге түсер пайда көп. Сіздерге жемісті еңбек тілеймін, - деді ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Сәлімжан Нақпаев.

- Референдум Жаңа Қазақстанды құрудағы маңызды қадам. Осыған дейін біз - халық бірнеше жылдар бойы «ата заңға неге өзгерістер енгізілмейді?» - деп келдік, енді міне, сол халықтың ой-пікірі еленіп конституциямыздың 33 бабына өзгерістер енгізілмек.

(Жалғасы 2-бетте.)



ҚАҰЫПСИЗДІК

САПА

ТУРАҚТЫЛЫҚ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

МАҢЫЗДЫ

АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНДА РЕФЕРЕНДУМ ТАҚЫРЫБЫ ҚОЗҒАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Азаттықтың басты құндылығы Ата заңымызға енгізіліп отырған өзгерістер мен түзетулердің басым бөлігі қаңтар оқиғасында қозғалған халықтың талабына негізделген. Алаңа шыққандардың талаптарының бірі – президенттің туысқандары мемлекеттік-саяси қызметкері болмауы тиіс, квазимемлекеттік субъектілер басшыларының қызметін атқармауы тиіс деген болатын, осыған байланысты Конституцияның 43-бабына 4-ші тармақ қосылды, онда: президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметін атқаруға хақысы жоқ деп нақты көрсетілді. Ендігі біздің мақсатымыз берілген мүмкіндікті пайдалана отырып, барша халық болып жарқын болашағымыз үшін референдумға қатысу, - деді облыстық ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталық басшысы Жаннат Досқалиева.

- Конституциямызға енгізіліп отырған өзгерістер парламенттің құзыретін кеңейтуге, бақылау функцияларын күшейтуге мүмкіндік береді. Қоғамдағы



тұлғалар кей заңдардың әділетсіз екендігін Ата заңымызға мүлде сәйкес келмейтінін айтудан жалығар емес. Яғни сот шешіміндегі заңдар да өзгертілуі тиіс деген пікірді ұстанады. Пікірлердің айтылуы орынды және бізге ұсынылып отырған өзгерістерде көп сұрақтың жауабына тоқтау болатын жаңа мүмкіндіктерді көріп отырмыз. Билік мемлекетке халықтың қолдауымен беріледі. Халық мемлекетке билігін одан әрі дамытуға рұқсатын беріп отыр.

Өрқайсымыз үшін референдумға қатысу борышымыз, - деді ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешов.

- Өзгерістердің барлығы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Өйткені реформалар халықтың талап-тілегіне арналған. Ел сеніміне ие болмай, «Жаңа Қазақстан» құру мүмкін емес. Президент ұсынған реформалар стратегиялық маңызға ие. Жаңа

республиканы құру жолында біз адалдық пен әділеттіктің болу қағидаларын қатаң ұстануымыз керек. Бұл референдум Парламенттің ролін күшейту, халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейту, азаматтардың құқықтарын қорғаудың конституциялық тетіктерін күшейту сияқты іргелі өзгерістерге жол ашады. Қоғамда күрмеуі шешілмей келе жатқан күрделі мәселелер көп. Сол себепті «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын негізге ала отырып, маңызды шешім қабылданады деп білеміз, - деді Атырау облыстық кәсіподақтар орталығының төраға орынбасары Еділ Ұзақбай.

Президентіміз «Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту болып табылады», - дей отыра халықты референдумға қатысуға шақырып отыр. Бұл кездесудің түп мақсаты - халықты референдумға дауыс беруге шақыру. Әр адам келешектегі жаңа жарқын өмірі үшін референдумға жұмыла қатысуға тиісті.

Айдана ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген Данияр МҰХАМБЕТОВ

ЕҢБЕК АРДАГЕРІ

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕККЕ – ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Еңбегімен зауыт құрметіне бөленген Мұсава Гумерова 1946 жылы Татарстандағы Тетюшин ауданы Биденга ауылында дүниеге келді. 1969 жылдың 26-маусымында Татарстандағы Қазан химия-технологиялық институтын аяқтады. Сол жылдың 5-ші тамызында Атырау мұнай өңдеу зауытына қызметке орналасуға келді.



Тек ол ғана емес оның жолдасы – Фарид Гумеров, группаластары – Марина Коновалова, Сильва Измайлова да зауытқа табан тіреді. Зауыт басшылығы олардың барлығын қабылдап, әрқайсысын технологиялық цех бөліміне жеке-жеке қызметке орналастырды. Мұсава Гумерова орталық зауыт зертханасында лаборант міндетін атқарушы болып қызметке тұрды. Ол өзінің еңбек жолында көптеген қиын тапсырмалармен кезікті. Алайда ол тапсырмалардың барлық шешімін зертханадан таба алды. Ол отындарды, коспаларды, дезмульгаторлардың жаңа түрлерін, жууға арналған құралдар, соның ішінде сусабынды, тіпті зәйтүн майына дейін талдап, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Үлкен кең орындардағы мұнайды зерттеу барысында оларды өңдеудің басқа да нұсқаларын қарастырды. Мұсава Гумерованың айтуынша, сол кезеңде орталық зауыт зертханасы қызметкерлерінің 90%-ы үш ауысымда қызмет еткен балалар тәрбиелеуші аналардан құралған. Олар өздерін жан-жақты сынаудан тайынбай, спортқа да, көркем өнерге де жақын болған. Сенбілік шараларда да алдыңғы қатардан табылған. Сол заманда өндірістің және жаңа технологиялық ағындардың

дамуы - газдар мен сұйық мұнай өнімдерін талдауда хроматографиялық әдістерді едәуір арттыру қажеттілігін туындатты. Сондықтан орталық зауыт зертханасының ұжымы хроматографиялық зертхана құру туралы шешім қабылдаған. Олардың жаңа орталық зауыт зертханасының бөлімі «Реагенттер және газ зертханасы» атауымен танымал болды. Ардагеріміз зауыт зертханасы ешқашан бір орында тұрақтамай, өндіріспен бірге қатар динамикалық түрде дамығанын айтып, және осы жолда білікті мамандар мен нағыз химиктер Ия Рябова, Николай Шергилов, Софья Кузьмичева, Людмила Петросян, Сания Мендибаева атты басшылармен бірлесе еңбек еткеніне алғысын білдірді. Сондай-ақ ол жылдар бойы табиғаттың әдемілігіне ерекше сүйсінетін, зауыт төңірегінде 20 жылға жуық санитарлық өнеркәсіптік зертханасын басқарған эколог Светлана Вознесенскаяны да атап өтті. Оның қатысуымен бүкілодақтық «қызыл» бұрыштар жарысы өткен. Сол жарыста орталық зауыт зертханасы безендіруден үздік орынды иеленіпті. Цех Бүкілодақтық Орталық Кәсіподақтар Кеңесінің өтпелі қызыл туын жаулаған. Яғни орталық зауыт зертханасы қызметкерлерінің күш жігерінің нәтижесінде цех аумағы

қаладағы ең жасыл оазистің бірі болған. Ардагеріміз цехтағы тұрмыс жағдайды жақсарту өз алдына, бірінші кезекте зертханалық жұмысқа ақылмен және үлкен ынтымақпен мән беру керектігін атап өтті. Яғни график бойынша алаңсыз жұмыс істеу, сағат сайын жаңа сынақтардың келуі және оларға сапалы зерттеу жұмыстарын жүргізу оңай еместігін жеткізді. 40 жылын зауытқа арнаған Мұсава Гумерованың «Почетная грамота РК», «Заводская Доска Почета» т.б марапаттары да жетерлік. Ағымдағы жылдың ішінде Мұсава Гумероваға тағы бір марапат табысталды. Атап айтсақ, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2021 желтоқсандағы жарлығы бойынша Мұсава Гумерова «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Атырау қаласының әкімдігі «АМӨЗ» ЖШС зауытына еңбегін сіңірген зейнеткер, ардагер Мұсава Гумерованы құттықтау үшін марапаттау рәсімін өткізді. Алайда күтпеген жағдайларға байланысты ардагердің әкімдікте өткізілген марапаттау рәсіміне қатысу мүмкіндігі болмады. 18-ші мамырда «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғалымжан Амантурлин зауыт ардагері Мұсава Гумероваға құрмет танытып, марапатты табыс еткен еді.

- Қала әкімдігінің марапатына ие болғанға қуаныштымын. Ал өзімнің туған зауытымның әрқашан гүлденуіне тілекшімін. Зауытымыз Каспий теңізінің биік туы болып дами берсін. «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымына марапатты табыстағаны үшін ерекше алғысымды білдіремін, - деді еңбек ардагері Мұсава Гумерова.

Ардагеріміз қызметтен кетсе де, адал еңбек атқарған білікті маман ретінде көпшілік жандарға үлгі болары анық.

Айдана ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген
Райымбек ЖӘНІБЕКОВ

ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ



СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА РАБОТНИКОВ ЗАВОДА

Уже более шести лет мой отец работает на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе. Поэтому, ему, как и всем сотрудникам, предоставляется социальный пакет, который включает в себя множество возможностей.

Медицинское страхование в лучших клиниках города обеспечивает здоровое будущее не только сотрудникам, но и их близких. До 2024 года мы застрахованы в клинике «Медикер», что является лучшим условием. Ведь квалифицированная медицинская помощь - это работа о работниках и их семьях.

Ежегодно в оздоровительных лагерях для детей сотрудников организуется летний отдых. На выбор предоставляют один из нескольких городов Казахстана, где школьники могут провести каникулы. Например, в 2017 и 2019 годах мы выбрали город Кокшетау, Зеренда. И, съездив туда, я испытала от поездки весь спектр эмоций, поправила здоровье, познакомилась с интересными людьми, за что безмерно благодарна заводу.

Отрадно, что на АНПЗ предусмотрена материальная помощь детям-школьникам. Мы с моим младшим братом учимся в школе-лицее №17. В летнее время помощь при покупке канцелярских принадлежностей к учебному году является большим подспорьем для семейного бюджета. И благодаря ежегодным выплатам, выделяемым АНПЗ, каждый работник чувствует заботу со стороны руководства, что, по моему мнению, приводит к самосовершенствованию и повышенной ответственности сотрудников.

Удивительно, что компания предусматривает поддержку даже маленьких детей. Нас в семье трое, самому младшему два года – и ему предназначена компенсация суммы оплаты услуг частного детского сада.

Все вышеперечисленное вызывает восхищение и благодарность за оказываемую помощь. Наша семья является лишь одной из тысяч других, и социальная поддержка, которую оказывает АНПЗ, играет важную роль в жизни каждого работника завода. И мы очень рады, что работники не только трудятся, черпая опыт и знания, но и получают уверенность в завтрашнем дне.

Бибинур КАДЫРЖАН,
ученица 11 «В» класса школы-лицея №17
Фото из личного архива автора

СОБЫТИЕ

К ГРАЖДАНСКОЙ ОБОРОНЕ ГОТОВЫ

С 17 по 18 мая на базе Атырауского нефтеперерабатывающего завода прошел двухдневный обучающий семинар по гражданской обороне. Занятия для руководителей и работников производств, подразделений и аутсорсинговых компаний были организованы по инициативе завода и согласованию с уполномоченным органом в сфере гражданской обороны ДЧС Атырауской области.

Работу семинара открыл офицер управления гражданской обороны департамента ЧС по Атырауской области старший лейтенант Алишер Агадилов. Лектор рассказал слушателям о том, как в Казахстане в случае чрезвычайных ситуаций или военных конфликтов мобилизуются силы гражданской обороны. Заодно участникам семинара были разъяснены основные положения Закона РК «О гражданской защите»: например, как действовать при чрезвычайных ситуациях, кто руководит операцией по эвакуации или спасению на местах. А самое главное – о важности изучаемого предмета.

- Данная система мероприятий направлена на подготовку к защите населения, материальных ценностей от опасностей, возникающих при военных конфликтах, а также при чрезвычайных ситуациях природного и техногенного характера. Кроме того, в ходе плановых занятий, командно-штабных, тактико-специальных учений и тренировок периодически проверяется готовность формирований к проведению спасательных работ, - пояснил старший лейтенант Алишер Агадилов.

Участникам семинара также была предоставлена возможность получить ответы на интересующие их вопросы и пройти предварительное тестирование - так называемую подготовку к основному подведению итогов мероприятия.



Фото Данияра МУХАМБЕТОВА

Во второй день на лекциях, помимо основ оказания первой доврачебной помощи, лекторы осветили темы проведения аварийно-спасательных работ и других неотложных мероприятий при возникшей угрозе.

Организовать семинар планировалось еще два года назад, однако из-за ограничений, связанных с пандемией Covid-19, его пришлось перенести.

- Подобное мероприятие на базе организаций, которые относятся к категориям по гражданской обороне, на территории Атырауской области проводится впервые, - отметил

заместитель начальника службы по гражданской обороне и чрезвычайных ситуаций ТОО «АНПЗ» Избулат Нысангалиев. - Поскольку обычно, согласно Закону Республики Казахстан «О гражданской защите», для проведения обучения департамент по ЧС приглашает лишь руководителей или нескольких работников опасных производственных объектов. В этот раз они пошли к нам навстречу и согласились провести здесь обучающие лекции, которые прослушали сорок сотрудников завода и аутсорсинговых компаний, которые получили определенные знания и навыки

и в области гражданской обороны. За что мы выражаем большую признательность департаменту по ЧС Атырауской области, - добавил он.

По завершении семинара и итогам проведенного в его рамках тестирования сорок слушателей получили сертификаты. Таким образом их обладатели в будущем могут самостоятельно проводить занятия с работниками завода и аутсорсинговых компаний и передавать полученные знания и навыки в целях улучшения и укрепления системы гражданской обороны ТОО «Атырауский НПЗ».

Шынар ТЕКЕЕВА

ДОСУГ

«КВИЗ, ПЛИЗ!» И БИТВА ЭРУДИТОВ

Отличный план приятного завершения рабочей недели предложил отдел управления персоналом и совет молодых специалистов АНПЗ, который устроили один большой сюрприз. В пятницу, 13 мая, в конференц-зале завода для молодежи завода была организована интеллектуально-развлекательная игра «Квиз, плиз!». Цель – славно и полезно провести время, естественно, была достигнута: в тот вечер каждый уносил с собой хорошее настроение и желание обязательно выиграть в следующий раз.

Как отметили организаторы, игра «Квиз, плиз!» - довольно известная франшиза, формат которой предусматривает проведение среди большого количества участников командного состязания на эрудицию. Вопросы, звучащие во время соревнования, могут затронуть любые сферы человеческой деятельности – науку, историю, литературу, искусство, кино, музыку и даже политику. Правила тоже несложные: на начальном этапе каждый игрок должен был вытянуть карточку с номером столика, за которым его усаживали вместе с другими 4-5 заводчанами. За короткий период подготовки эрудиты должны были познакомиться и договориться, кто будет представлять команду и как она будет называться. Победа зависела от степени доверия, возникшего между партнерами, поэтому неудивительно, что мероприятие напоминало тимбилдинг, только в ускоренном режиме.

В прошедшем на базе АНПЗ квизе (от английского «quiz», что значит «викторина») приняли участие около пятидесяти молодых специалистов завода. Открыл вечер директор департамента управления персоналом и оплаты труда Серик Арыстан, который, поприветствовав игроков, пожелал им удачи. Дружно выкрикнув: «Квиз, плиз!» - участники дали старт игре, а ведущий стал зачитывать первые вопросы. Правда,



необходимости вскакивать и озвучивать ответы не было, они записывались на розданных бланках и после каждого тура собирались ведущими игры. За каждый правильный ответ зачислялись баллы, которые суммировались, а результаты демонстрировались на большом экране в виде сводной таблицы.

С каждым туром азарт игроков только нарастал, что даже объявленный кофе-брейк с аппетитными угощениями (который был весьма кстати для еще не ужинавших эрудитов) не остудил их желание поспешить к столу и снова ринуться в бой. А интеллектуальная битва, надо отметить, выдалась на редкость жаркой. Команды с интересными названиями, такими, например, как «Сүт пен шай», «Первое место, плиз», «Энтони Хопкинс», старались успеть быстро и

правильно ответить на сложные вопросы, иногда требовавшие знание не только истории родного АНПЗ, но и последних новинок в области отечественной музыкальной индустрии. Ближе к экватору определились и первые фавориты, которые в перерывах размышляли о новой линии стратегии, которая бы помогла им одержать верх над соперниками.

- Я впервые принимаю участие в таком интересном мероприятии, - признался в беседе с нами оператор ТУ РХ ПАУ Даулет Амангельдиев, - хотя поначалу не особо горел желанием, так как пришлось задержаться после работы. Как сами понимаете, в пятницу вечером всегда есть планы. И я рад, что остался, потому что получил огромное удовольствие от вечера. Спасибо организаторам за отличное настроение!

И по традиции все точки расставил финальный тур, по итогам которого победили самые умные, быстрые и дружные. Как подчеркнули ведущие шоу, тройку призеров разделяли буквально один-два балла, что говорит об упорной борьбе и нежелании уступать. Как бы то ни было, третьего места удостоились эрудиты из команды «Счастливы вместе», а приз за второе место вручили ребятам из «Вечных». И, наконец, победу в «Квиз, плиз!» праздновали интеллектуалы из «Кибер Панка».

По традиции в честь призеров звучали фанфары, умники и умницы ликовали, радуясь наградам, а те, кому не удалось показать себя в полной мере, возможно, решили почитать вечерком книгу.

Шынар ТЕКЕЕВА
Фото Алтая СУЕНОВА

СҰРАДЫҢЫЗ БА? ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

СПОРТЗАЛДАРҒА АБОНЕМЕНТТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ ТУРАЛЫ

Сынақ орталығы «орталық зауыт зертханасы», гидрогендік процесстер өндірісі, мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісінен сұрақ: «Зауыт жұмысшылары үшін Мұз сарайына және басқа да спорт кешендеріне бару үшін абонементтер сатып алуға бола ма? Яғни, әлеуметтік пакетті кеңейту мүмкін бе?»

Жауап: «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлері үшін жабық жүзу хауыздарына бару мүмкіндігі кәсіпорын есебінен 2015 жылға дейін ұсынылды. Жыл сайын шартқа сәйкес 200 абонементке 17-19 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Бірақ та іс жүзінде келушілердің саны 50% - дан төмен болды. Осылайша әлеуметтік бағдарлама өзінің тиімсіз және орынсыз екенін дәлелдеді. Қазіргі кезде бюджет қаражатын оңтайландыруға байланысты, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қызметкерлердің денсаулығын қорғау және коронавирустық инфекцияның таралмауын қамтамасыз ету мақсатында хауызға және спорт кешендеріне бару мүмкін емес».

АКЦИЯ

ПОЛЕЗНЫЕ КОНСУЛЬТАЦИИ



В народе говорят, что здоровый врача не требует. Однако, согласитесь, профилактика тоже крайне необходима. Тем более в наши дни, когда времени на уход за своим здоровьем катастрофически не хватает. Для этих целей 12 мая Атырауским НПЗ совместно с ТОО «Mediker» был организован «День здоровья».

В рамках акции работникам завода была предоставлена возможность получить бесплатную консультацию различных специалистов. В этот день желающим также измеряли артериальное давление, определяли уровень глюкозы (сахара) в крови, их вес и рост, предлагали пройти краткий курс массажа или физиотерапии.

- Акцию «День здоровья» на территории завода мы проводим впервые, - проинформировала заведующая медицинским центром ТОО «Mediker» при ТОО АНПЗ Галина Аубекерова. - И, как мы видим, она имела успех: в течение дня консультации посетило около ста человек. Если говорить об эффекте таких мероприятий, то, к примеру, благодаря

им нам, специалистам, удается выявить проблемы на начальном этапе. А также это лишнее напоминание всем нам о необходимости следить за своим здоровьем.

В «День здоровья», как отметили в медцентре, огромной популярностью пользовалась процедура определения уровня сахара в крови, данной услугой воспользовались почти все участники акции. Кроме того, 79 человек получили консультации терапевта, 25 – кардиолога, 18 - невропатолога. Заглянули заводчане и в кабинеты уролога, гинеколога, стоматолога и лор-врача.

Шынар ТЕКЕЕВА
 Фото Алтая СУЕНОВА

«НОВАТОР» басылымы
 №11. 3 маусым 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
 060001, Атырау қ.,
 «АМӨЗ» ЖШС, 3.Қабдолов к-сі,1
 тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС
 баспаханасында басылды.
 Алматы қ, Помяловский к-сі,
 29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
 250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
 Тиражы 1200 дана
 Тапсырыс № 774

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
 ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
 бастығының м.а. Ш.Какимжанова
 «MEDYAGROUP» ЖК:
 жетекшісі – Д.Мұхамбетов
 редакторлар: Ш.Текеева,
 А.Қанатаева.

Газет
 Қазақстан Республикасының
 баспасөз және бұқаралық
 ақпарат министрлігінде
 1992 жылғы 27 мамырда
 тіркеліп, тіркеу туралы
 №790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
 материалдары мен хабарландырулар,
 құттықтаулар және көңіл айту
 мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР

СПРАШИВАЛИ? ОТВЕЧАЕМ!

ОБ АБОНЕМЕНТАХ В СПОРТЗАЛЫ И СОЦПАКЕТЕ

Вопрос от ИЦ «ЦЗЛ», ПГП, ПГПН: «Можно ли для работников завода приобрести абонементы для посещения Ледового дворца и других спортивных комплексов? То есть расширить социальный пакет?»

Ответ: «Возможность посещать крытые плавательные бассейны для работников ТОО «АНПЗ» за счет предприятия предоставлялась до 2015 года. Ежегодно, согласно договору, выделялось более 17-19 миллионов тенге с расчетом на 200 абонементов. Однако фактически посещаемость составляла менее 50%. Таким образом данная социальная программа показала свою нерентабельность и нецелесообразность.

На сегодняшний день в связи с оптимизацией бюджетных средств, а также в целях обеспечения безопасности, защиты здоровья сотрудников и нераспространения коронавирусной инфекции посещение бассейнов и спортивных комплексов не является возможным».

СЛУЖБА БИОТ - НА ЛИНИИ

ВНИМАНИЕ, УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

С 1 по 30 июня 2022 года службой БиОТ ТОО «АНПЗ» будет проводиться месячник по транспортной безопасности. Основными целями мероприятия являются повышение эффективности системы обеспечения транспортной безопасности, предупреждение дорожно-транспортных происшествий, а также выявление существующих проблем в данных вопросах.

В предстоящий период особое внимание будет уделяться следующим аспектам транспортной безопасности:

- соблюдению скоростного режима как на территории завода, так и за ее пределами;
- использованию ремней безопасности всеми пассажирами;
- безопасной перевозке грузов и оборудования, включая грузоподъемные операции;
- техническому состоянию, чистоте, укомплектованности транспортных средств обязательными средствами (аптечка, огнетушитель и т.д.);
- проверке на актуальность документации по транспортной безопасности;
- соблюдению требований правил дорожного движения РК и регламента безопасной эксплуатации транспортных средств на объектах ТОО «АНПЗ»;
- соблюдению правил дорожного

движения пешеходами на территории ТОО «АНПЗ».

В рамках месячника транспортной безопасности службой БиОТ также будут организованы обучающие занятия для водителей автобусного парка ТОО «Gold Sunray» по оказанию первой доврачебной помощи, а также совещание с водителями подрядных организаций на соблюдение ПДД.

Уважаемые работники завода и подрядных организаций, просим вас принять активное участие в данном мероприятии. Если вы стали свидетелем нарушений правил транспортной безопасности, а также если у вас имеются предложения по ее улучшению, просим сообщить в службу БиОТ по WhatsApp-номеру: 8 (778) 640-77-00.

Напоминаем, транспортная безопасность является важнейшим приоритетом в деятельности Атырауского НПЗ.

ПРИЕМ ЗАЯВОК НА ОТДЫХ В ДЕТСКИХ ЛАГЕРЯХ

Уважаемые заводчане! Объявляется прием заявлений на детские оздоровительные лагеря Республики Казахстан по следующим направлениям:

1. детский спортивно-оздоровительный лагерь «Ак Булак», г. Алматы;
2. детский оздоровительно-развлекательный лагерь с языковым уклоном «English Summer», г. Алматы;
3. летний лагерь «Город Солнца», г. Кокшетау, с. Зеренда;
4. летний оздоровительный лагерь «Rixos Baby Club», г. Актау.

Возраст детей от 7 до 14 лет включительно. Заявления направлять председателям цеховых комитетов. Заявления принимаются до 6 июня 2022 г.

По всем вопросам обращаться к Базарбаевой Л.К. по номеру: 59-130.